

## Көктемгі дала жұмыстарын және шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етудің жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 26 сәуір N 638

Көктемнің ерте келуімен туындаған ауыл шаруашылығында қалыптасып отырған қызын жағдайға және тұқым себу науқанын, шегірткелерге қарсы күрес іс-шараларын қысқа мерзімдерде өткізу және көктемгі дала жұмыстары кезеңінде жанар-жағармай материалдарының тапшылығына жол бермеу қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрія және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының материалдық резервінен жаңалау тәртібімен отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне "Резерв" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының терминалдарынан 21 900 (жиырма бір мың тоғыз жүз) тонна көлемінде дизельдік отын сатуды (қосымшаға сәйкес күпия);

2) 2000 жылдың 15 маусымына дейінгі мерзімде, мемлекеттік материалдық резервтен сатылатыннан жоғары емес баға бойынша, берушілермен Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін бүкіл көлемде дизельдік отын сатып алу туралы алдын ала келісім-шарттар жасасу жолымен, жоғарыда көрсетілген сатудан алғынған қаражаттың есебінен 21 900 (жиырма бір мың тоғыз жүз) тонна дизельдік отын

сатып алууды;

3) осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК